

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№010140001904/260041/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Кулушева Гулнар Ережеевна атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП ӘЛИЕВА Ж.А., Талон негізінде әрекет ететін Басшысы Әлиева Жанар Айдарқызы атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2025-11-19» жыл № 15707854-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 2 897 650.00 (екі миллион сегіз жүз тоқсан жеті мың алты жүз елу тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Шарт күшіне енгеннен кейін Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.

Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен

бастап 10 (он) жұмыс күніне сәйкес ақша төлеу мерзіміне қатысты электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 144 882.50 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ 456 963.00 теңгеге тең Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізуге бұл жалпы 601 845.50 ((алты жүз бір мың сегіз жүз қырық бес тенге елу тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстің ережелеріне және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың Қазақстан Республикасында тіркелуінің болуы;

12) дәрілік заттардың таңбалау, тұтыну қаптамасы және қолдану жөніндегі Нұсқаулық Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес келеді;

13) Тапсырыс берушіге жеткізу күніне дәрілік заттардың жарамдылық мерзімі: - қаптамадағы көрсетілген жарамдылық мерзімінің елу пайызынан кем емес (жарамдылық мерзімі екі жылдан кем болған кезде); - қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде он екі ай (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болған кезде)

14) дәрілік заттар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес олардың қауіпсіздігінің, тиімділігі мен сапасының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады және тасымалданады;

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге; Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## 4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 жұмыс күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.



5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.



5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Егер сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жеткізілетін тауар үшін кепілдік кезеңі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады. Ауыстырылған немесе жөнделген тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауардың ақауларын жою, ауыстыру, оның ішінде кедендік тазартумен байланысты барлық шығындарды жеткізуші де көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюдың кешігуі жеткізушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі



соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас



тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Өнім беруші жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы көп келетініне байланысты күшіне енеді.



## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт талаптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабарлар етуге міндеттенеді.



12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **13 Өзге де шарттар**

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Тапсырыс беруші сатып алынатын қызмет көлемінің азаюына байланысты шарт сомасын азайтуға құқылы, ал өнім беруші қосымша келісімге қол қою арқылы келіседі.

13.8 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

### **14 Реквизиттер**



Тапсырыс беруші:

Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді  
қалалық балалар ауруханасы"  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны  
г.Астана, ПРОСПЕКТ РАКЫМЖАН  
КОШКАРБАЕВ, 64  
БСН 010140001904  
БСК EURIKZKA  
ЖСК KZ9794805KZT22034658  
"Еуразиялық Банк" АҚ  
Тел.: Тел.: 70-97-75 гос закуп. 70-97-88 бух  
Директор Кулушева Гулнар Ережеевна

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын  
(факторингті) басқаға беру арқылы  
қаржыландыру шартын жасасқан кезде  
қаражат алушы):

ИП ӘЛИЕВА Ж.А.  
г.Шымкент, Каратауский район, д. 205  
БСН/ЖСН 930617401607  
БСК КСJBKZKX  
ЖСК KZ538562204150293212  
"Банк ЦентрКредит" АҚ  
Тел.: 87777739983  
Басшысы Әлиева Жанар Айдарқызы

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК – банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС – қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 15707854-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>2026 қаржылық жыл</b>												
80731447-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	автоматтық бактериологиялық талдауыш үшін	FLUOROCCELL WDF (FLUOROCCELL WDF бояғыш реагенті). Реагент лизис реакциясынан кейін ядросы бар жасушаларды бояу үшін қолданылады. Жасушалардың ядролық және түйіршікті мазмұны боялады, бұл жасушаларды бояудың қарқындылығы мен ішкі жасушалық күрделілігіне байланысты ажыратуға мүмкіндік береді. Реагенттермен реакциялардан және флуоресцентті ағын цитометриясын қолдана отырып жасушаларды талдаудан кейін әр түрлі жасуша популяциялары WDF арнасының шашырау бағдарламасына олардың бүйірлік шашырау жарығы (SSC) және бүйірлік флуоресцентті жарық (SFL) негізінде орналастырылады. Құрамы: полиметин 0,002 %, метанол 3,0%, этиленгликоль 96,9%. Сақтау шарттары: жабық реагент жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін 2-35°С температурада сақталады; ашылғаннан кейін реагент 90 күн бойы тұрақты болады. Буып-түю: 2x22 мл. Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етуімен үйлесімділігін анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Бума	2	452 200.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (2)	0	904 400.00



2026 қаржылық жыл												
80729834-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	автоматтық бактериологиялық талдауыш үшін	Actin FS 10 x 10 ml (Actin FS 10 X 10 мл анықтауға арналған Реагент). АТВ анықтауға арналған Реагент ішкі үю факторларының (VIII, IX, XI және XII) тапшылығына жоғары сезімталдықты көрсетеді. Құрамы: буфер, тұрақтандырғыштар мен консерванттар қосылған эллаг қышқылының 1,0 × 10-4 ерітіндісінде тазартылған соя фосфатидтері. Шығару формасы сұйық, қолдануға дайын болуы керек. Басып шығарғаннан кейін реагент 7 күн тұрақты. 2-ден 15 °С-қа дейінгі температурада. Буып-түю: 10x10мл. Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етуімен үйлесімділігін анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Бума	1	168 200.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	168 200.00
2026 қаржылық жыл												
80730432-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	адам қанындағы глюкоза концентрациясын анықтауға арналған	INNOVANCE D-DIMER Control 2 X 5 X 1 ml (қалыпты және патологиялық деңгей) (Innovance D-DIMER 2 X 5 X 1 ml Норма және Патология). Д-димерді анықтау кезінде қалыпты және патологиялық диапазондағы дәлдік пен аналитикалық мешесуды анықтауға арналған бақылау ерітінділері құрамы: Д-димер, адамның лиофилизацияланған плазмасына негізделген. Консерванттар: 5-хлоро-2-метил-изотиазол-3-бір және 2-метил-4-изотиазол-3-Бір (< 1 мг/л), натрий азиді (< 1 г/л). Қаптау 5x1мл екі деңгей. Басып шығарғаннан кейін реагент 15-тен 25°С-қа дейінгі температурада 8сағ тұрақты; 2-ден 8°С-қа дейінгі температурада 7 күн; 4нед - < -18°С. Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық жасақтамасымен үйлесімділікті анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен растау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Бума	1	176 200.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	176 200.00
2026 қаржылық жыл												



80731318-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	қандағы гемоглобинді анықтауға арналған	СУЛЬФОЛИЗЕР (қандағы гемоглобин концентрациясын анықтауға арналған Реагент). Реагент спектрофотометрия арқылы гемоглобин нәтижесін алу үшін XN-CBC арнасында қолданылады. Негізгі компонент-натрий лаурил сульфаты, гидрофобты/гидрофильді бөліктері бар молекула. Үлгімен араласқан кезде SLS эритроциттердің лизисін тудырады, бұл гидрофобты бөліктің глобин молекуласына қосылуына мүмкіндік береді. Бұл глобин молекуласының конформациялық өзгеруін тудырады, бұл Fe2+-тен Fe3+ - ке дейінгі гем тобының тотығуына әкеледі. Тотығудан кейін SLS гидрофильді бөлігі гем тобына қосылып, тұрақты боялған кешен түзеді, содан кейін ол спектрофотометр арқылы өтеді және 555 НМ толқын ұзындығында оқылады. Құрамы: натрий лаурил сульфаты 1,7 г/л. сақтау шарттары: жабық реагент дайындалған күннен бастап 12 ай бойы 1-30°C температурада сақталады; ашылғаннан кейін реагент 60 күн тұрақты болады. Буып-түю: 3x500 мл. Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етумен үйлесімділігін анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Бума	1	123 300.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	123 300.00
--------------	--	-------------------	---	---	------	---	---------------	--	--	---	---	---------------

#### 2026 қаржылық жыл

80730669-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	сарысуда, қан плазмасында, адам несепінде α-амилазаның белсенділігі анықтауға арналған	1 мл үшін 10 x стандартты адам плазмасы(1 мл үшін 10 x стандартты плазма). Әр түрлі клоттинг, хромогендік және иммунологиялық сынақтарды калибрлеуге арналған Реагент.Құрамы: плазма сау қан донорларынан алынған цитрат плазмасынан жасалады, heres (12 g/l) буфер ерітіндісімен тұрақтандырылады және лиофилизацияланады.Қаптау 10x1мл. ашқаннан кейінгі тұрақтылық: +15-тен +25 °C-қа дейінгі 4 сағ.тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық жасақтамасымен үйлесімділікті анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Бума	1	145 750.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	145 750.00
--------------	--	-------------------	--	--	------	---	---------------	--	--	---	---	---------------

#### 2026 қаржылық жыл



80729544-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	автоматтық бактериологиялық талдауыш үшін	Thromborel s 10 X for 10 ml 1000(10 мл 1000 үшін Thromborel S 10 x анықтауға арналған Реагент). Протромбиндік уақытты (PV) және II, V, VII және X коагуляция факторларының белсенділігін анықтауға арналған Реагент құрамы: лиофилизацияланған адамның плацентарлы тромбопластині ( $\leq 60$ г/л), кальций хлориді (шамамен. 1,5 г/л), тұрақтандырғыштар. Консерванттар: гентамицин (0,1 г/л), 5-хлор-2-метил-4-изотиазол-3-ол және 2-метил-4-изотиазол-3-ол ( $<15$ мг/л). Қаптама және сынақтар саны: - 10 x 4 мл (400 сынақ). Қалпына келтіруден кейінгі тұрақтылық: - 37 °С-8 сағ температурада (ашық құты); - 15-25 °С температурада 2 күн. (ашық құты); - 2-8 °С температурада 5 күн. (жабық құты). Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етумен үйлесімділігін анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Бума	1	100 500.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	100 500.00
<b>2026 қаржылық жыл</b>												
80730023-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	автоматтық бактериологиялық талдауыш үшін	Thrombin reagent 100 I. U. 10 X for 5 ml(Тромбинді анықтауға арналған Реагент 100 I. U. 10 X 5 мл). $\leq -18$ °С температурада 4 апта.	Бума	1	151 500.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	151 500.00
<b>2026 қаржылық жыл</b>												



80730262-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	адам қанындағы глюкоза концентрациясын анықтауға арналған	INNOVANCE D-DIMER Kit 1 Kit 150 (орташа) (Innovance D - DIMER 1 Анықтау реагенті 150 жиынтығы-орташа). D-димер концентрациясын анықтауға арналған реагенттер жиынтығы. Құрамы: реактив (D-димерге моноклоналды антиденелермен қапталған полистирол бөлшектері, адам сарысуының альбумині. Консерванттар: амфотерицин В, гентамицин); буферлік тұзды ерітінді (декстран, имидазол. Консервант: натрий азиді); қосымша (буферлік тұз ерітіндісі, гетерофильді блоктаушы агент Консервант: натрий азиді); еріткіш (буферлік тұзды ерітінді, имидазол. Консервант: натрий азиді); калибратор (адамның қан плазмасы, D-димер препараты. Консерванттар: натрий азиді және 5-хлоро-2-метил-4-изотиазол-3-бір және 2-метил-4-изотиазол-3-бір). Басып шығарғаннан кейін реагент 4 апта бойы тұрақты болады. 2-ден 8°C-қа дейінгі температурада. Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етумен үйлесімділігін анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Жиынтық 1	512 300.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	512 300.00
--------------	--	-------------------	---	---	-----------	---------------	--	--	---	---	---------------

#### 2026 қаржылық жыл

80730520-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Реагенттер жинағы	адам қанындағы глюкоза концентрациясын анықтауға арналған	BERICHROM AT III 1 жинақ (анықтауға арналған Реагент BERICHROM at III 1 жинақ). Автоматты анализаторлардағы антиромбин III функционалдық белсенділігін сандық анықтауға арналған жинақ. Жиынтықтың құрамына құрамында сублимацияланған тромбин, гепарин және апрогенин бар реагент кіруі керек. Лиофилизацияланған субстрат реагентінде тосилглицил-L-пролил-L-аргинил-5-амин-2-нитробензол қышқылы-изопропиламид (Tos-Gly-Pro-Arg-ANBA-IPA) болуы керек (4 ммоль/л); буферлік ерітінді: Трис (гидроксиметил) - аминотетан (100 ммоль / л), NaCl (8,7 г/л), РН 8,2 натрий азиді (< 1 г/л) консервант ретінде әрекет етеді. Ашқаннан кейін реагенттің тұрақтылығы +2 °С-тан +8 °С-қа дейінгі температурада кемінде 2 апта. Өлшеу диапазоны: норманың 0-ден 140% - на дейін. Сезімталдық шегі: нормадан 3,7 %. Вариация коэффициенті: 1,3-тен 2,7% - ға дейін. Әдістеменің Калибраторы-анықтамалық плазма (SHP). Буып-түю: 6x5мл. Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етумен үйлесімділігін анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.	Жиынтық 1	407 500.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (1)	0	407 500.00
--------------	--	-------------------	---	--	-----------	---------------	--	--	---	---	---------------

#### 2026 қаржылық жыл



80731376-ОИ2	Астана қаласы әкімдігінің "№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Озық реагент	гематологиялық анализатор үшін	<p>SLYSERCELL WDF (Lysercell WDF лизингтік реагенті). Реагент 1:60 үлгісін алдын ала сұйылту арқылы қызыл қан жасушаларын гемолиздейді және лейкоциттердің мембраналары өткізгіш болады, бұл Fluogocell WDF жасушаларға одан әрі бояу үшін енуіне мүмкіндік береді. Реагенттермен реакциялардан және флуоресцентті ағын цитометриясын қолдана отырып жасушаларды талдаудан кейін әр түрлі жасуша популяциялары WDF арнасының шашырау бағдарламасына олардың бүйірлік шашырау жарығы (SSC) және бүйірлік флуоресцентті жарық (SFL) негізінде орналастырылады. Құрамы: төрттік органикалық аммоний тұздары 0,07%, иондық емес беттік белсенді зат 0,17%. Сақтау шарттары: жабық реагент жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін 2-35°C температурада сақталады; ашылғаннан кейін реагент 90 күн бойы тұрақты болады. Буып-түю: 1x2 л. Тапсырыс берушіде бар медициналық жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етуімен үйлесімділігін анықтау және өндіруші бекіткен стандартты үлгілерде калибрлеуді кейіннен валидациялау үшін Жеткізуші жеткізу кезінде жиынтықты спектрлік калибрлеуді жүргізеді. Жеткізілген жиынтық орнатылған бағдарламалық жасақтаманың нұсқасымен үйлесімді болуы керек.</p>	Құты	2	104 000.00	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	тапсырыс берушінің өтініші бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде	Астана қ., Сарайшық ауданы Астана қаласы, Р. Қошқарбаев даңғылы, 64 (2)	0	208 000.00
--------------	--	--------------	--------------------------------	--	------	---	------------	--	--	---	---	------------



## Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№010140001904/260041/00

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Многопрофильная городская детская больница № 2" акимата города Астана, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Кулушева Гулнар Ережеевна, действующий на основании Устава, с одной стороны и ИП ЭЛИЕВА Ж.А., именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Элиева Жанар Айдарқызы, действующий на основании Талон, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2025-11-19 года № 15707854-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется приложением 1 к Договору и составляет 2 897 650.00 (два миллиона восемьсот девяносто семь тысяч шестьсот пятьдесят тенге ноль тьин) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

